

# ХИМИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Абдувахитова Ш.Ш.\*, Жылысбаева Г.Н.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

## АНДАТПА

Мақалада интербелсенді әдістердің білім беру мен оқыту үдерістеріне әсері туралы ақпарат беріледі. Химия пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолданудың маңызды әрі тиімді жақтары туралы мәлімет келтіріледі. Сонымен бірге, қазіргі таңдағы интербелсенді әдістердің заманауи түрлері мен олардың химия сабақтарында оқытудағы ерекшеліктері ашып көрсетіледі.

*Кілт сөздер:* интербелсенді әдістер, құзыреттілік, білім, білік, дағды, химия пәні.

Ғылым мен білімнің күн өткен сайын күрделеніп, түрленіп отырған кезінде, қазіргі таңда адамдар тек қана біліммен шектеліп қалмауы тиіс. Осы орайда, мектеп қабырғасында белсенді әдістердің көмегімен қазіргі қоғамға әртүрлі мәселелерді өзінің білімін қолдана отырып, шешімін таба алатын, тың әрі креативті идеяларды ұсынатын, ұжым мен топта ұтымды жұмыс жасай алатын, жан-жақты қабілетті оқушыларды тәрбиелеп шығудың маңызы зор[1].

Қазіргі таңда оқытудың белсенді әдістері білім алушылардың өзіндік ойлау қабілеттерін дамытуға әрі белсендіруге көмектесетін, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін жоғарылататын, кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, оларды бағалауға арналған, ұжымдық, топтық жұмыстарды орындауда және қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын әдістердің бірі ретінде сипатталады. Белсенді әдістер тек оқушылардың әртүрлі қабілеттерін дамытуда ғана емес, сондай-ақ, барлық мектептерде оқу үрдісінің тиімділіктерін арттыруда мол мүмкіндіктер береді[2].



Белсенді әдістерді барлық жағдайларда да қолдана беру мүмкін емес. 1-кестеде әдістерді қолданудың негізгі 7 критерийлері көрсетілген.

*Кесте 1 – оқытудың белсенді әдістерін қолдану критерийлері*

Негізгі критерийлер мен талаптар
Қолданылатын әдістер оқыту принциптеріне сай болуы.
Пәнді немесе тақырыпты оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі.
Тақырыптардың мазмұндарына сай болуы.
Оқушылардың түрлі мүмкіндіктеріне (жасына, қабілетіне, біліміне, даму жағдайына, психологиялық деңгейлеріне және т.б.) сәйкес болуы.
Мектептегі құрал-жабдықтардың бар болуына, олардың мүмкіндіктеріне қарауы.
Тақырыпқа (немесе сабаққа) бөлінген уақытқа сәйкестігі.
Оқытушылардың іс-тәжірибесіне, педагогикалық қабілеттеріне, кәсіби құзыреттіліктеріне, ерекшеліктеріне сай анықталуы.

Н.А.Тойбазарова белсенді әдістерді сабақтарда қолданудың маңызды жақтарын зерттеп, оқушылардың бойында түрлі қабілеттердің қалыптасуын, білік пен дағдыларды үйренулерін сипаттаған. Ол белсенді әдістердің ішінде интербелсенді әдістердің маңыздылықтарын атай отырып, олардың негізгі қағидаларын мен соған сәйкес мақсаттарын құрастырған. Оның пікірінше, интербелсенді оқыту әдістерінің негізгі міндеті – білім алушылар түрлі белсенді әрекеттерді жасай отырып, білімді өздігінен игеруге, ақпаратты өздерінің іздеп табуыға және құрастыруға бағыттайды[3].

М.Новик [4] белсенді және интербелсенді әдістерді мазмұндық тұрғысынан, қолдану жағынан және технологиялық сипаттары бойынша жіктеген (Сурет 1.)

	<p><b>Имитациялық емес</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Проблемалық сабақтар</li> <li>• Тақырыптық топтық пікірталастар</li> <li>• Ой қозғау (brainstorming)</li> <li>• Дөңгелек үстел</li> <li>• Педагогикалық ойын жаттығулары</li> </ul>
	<p><b>Имитациялық</b></p> <p>а) Ойын түрінде емес: - Нақты ситуацияларды талдау - Имитациялық жаттығулар - Тренингтер</p> <p>ә) Ойын түрінде: - Ойын түрінде жобалау - Рөлдік ойындар - Іскерлік ойындар</p>

Сурет 1. Белсенді әдістердің жіктелуі

Бұл жерде имитациялық әдістер бұрыннан қолданылып келе жатқан әрекеттердің жаңа әрі жетілдірілген түрін білдірсе, имитациялық емес әдістердің белгілі бір жоспарланған әрекет үлгісі болмайды.

Бүгінгі таңда сабақтарда оқушылардың әртүрлі практикалық жұмыстар, әрекеттер және белсенді ақыл-ойлары негізінде білім, білік, дағдыларды өз бетімен меңгеріп шығуына бағдарланған белсенді оқыту жүргізіледі. Ал химия пәнін оқыту барысында белсенді әдістерді пайдалану білімгерлердің оқу іс-әрекетін, яғни, білім және ілім алу қабілеттерінің дамуына көмектеседі.

Оқытудың белсенді әдістерін сабақ барысы немесе жалпы оқу процесінің әртүрлі кездерінде пайдалануға болады (2-кесте).

Кесте 2 – Білім кезеңдері және онда қолданылатын әдістер

Кезең	Әдістер
1. Білімді бастапқы меңгеру	Проблемалық талқылаулар, тәрбиелік пікірталастар, эвристикалық әңгіме, т.б.
2. Білімді бекіту	Тестілеу, ұжымдық ақыл-ой әрекеті, т.б.
3. Дағдыларды қалыптастыру	Шығармашылық қабілеттерді жетілдіру, имитациялық оқыту, ойын және ойын түріндегі емес әдістер.

Белсенді әдістердің ішінде «Нақты жағдайларды талдау» (кейс технологиясы) әдісі қазірде кеңінен таралған. Бұл әдіс топтық және жекелей

жұмыс жасағанда да қолданыла береді. Оны химия сабақтарында қолданудың маңызы - оқушылардың теориялық білімдерін, пәндік және тұлғалық құзыреттіліктерін, сондай-ақ, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда және оларды бақылауда өте тиімді.

Рөлдік ойындар оқушылардың тәжірибелерін арттыруда өте маңызды. Бұл кезде қатысушыларға белгілі бір жағдаят ұсынылады, ал оқушылар сол жағдайды шешу үшін түрлі рөлдерді ойнай отырып, өз ойларын жеткізеді. Рөлдік ойындар барлық оқушылардың тек бір жақты емес, жан-жақты ойлау қабілеттерін, белгілі бір мәселе немесе жанжалдарды шеше алу қабілеттерін, басқалардың ойларын адекватты түрде қабылдауды жетілдіреді.

Дидактикалық ойындар оқушыларға сабақ тақырыбын немесе оқу материалдарын, олардың мазмұнын жоғары деңгейде меңгеруге, олардың дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Ал әдістемелік тұрғыдан қарағанда, әртүрлі ақпараттарды табу және өңдеуге, мәтінмен жұмыс жасауға, оқыту нәтижелерін шығармашылық арқылы пайдалануға, тұлғааралық қатынастарды жетілдіруге мүмкіндік береді[5].

#### *Қорытынды*

Тақырыпты қорытындылай келе, мектепте химия сабағында белсенді әдістерді қолдану өзінің эффективті нәтижелерін көрсетуіне ықпал жасайды. Сондықтан да, әдістерді оқу мақсаттарына, сабақ тақырыбына немесе оқушылардың қабілеттеріне қарай дұрыс қолдана білу өте маңызды. Осылайша, білім алушылардың химия пәніне деген қызығушылықтары жоғарылап, әрбір тақырыпты жақсы меңгере алады. Олардың өз бетінше жұмыс жасай алуын, ақпаратты өздігінен өңдей алуын дамытуға болады. Сонымен қатар, «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасындағы қарым-қатынастарды орната отырып, нығайтады.

#### *Әдебиет*

1. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана. 2013. URL:[www.cpm.kz](http://www.cpm.kz)
2. Курбатова О.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: мет.пособие / О.В. Курбатова, Л.Б. Красноперова, С.А. Солдатенко // ГПОУ «Кемеровский аграрный техникум» имени Г.П.Левина, 2017. – 53с.
3. Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив.баспасы, 2019. – 89б.
4. Зарукина Е.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб. – метод. Пособие / Е.В. Зарукина, Н.А. Логинова, М.М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 59б.
5. Агеева, И.А. Интерактивные методы, формы и средства обучения: методические рекомендации для студентов и преподавателей кафедры психологии / сост.: И.А. Агеева, И.А. Лысенкова, Е.С. Борченко. Бишкек: КРСУ, 2017. 84 с.:ил.